

«БД020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жүзей Мырзахмет Аманқұлұлының «Сақралды құндылықтар - Қазақстанның рухани және материалдық жәдігерлерінің феномені» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

p/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге және «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына сәкес.</p>
2.	<p>Ғылымға маныздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы айтылған/айтылмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында сақралды және діни құндылықтарға теориялық және геологиялық тұрғыда талдау жасалған және Қазақстанның киелі жәдігерлер мен діни ескерткіштеріне дінтанулық сараптама берілген жаппы гуманитарлық ғылымға қосатын үлесі жоғары деп бағалауға болады.</p>

		<p>Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толық негіздейді.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының мазмұнына, ғылыми тіліне, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік сипаттамаларына қарап зерттеушінің жоғары деңгейде ғылыми тілді меңгенгенін аңғаруға болады. Зерттеу тақырыбы бойынша жарық көрген авторлардың еңбектері мен зерттеулеріне талдау жасап, оларды салыстырып, өзіндік тұжырымдар жасайды, Автор өзі келіспейтін кейбір көзқарастарға батыл сын айтып, мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсынады.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті негізделген. Қазақтың қасиетті жерлері туралы философиялық және діни түсініктерді, тарихи шығармалар мен аңыз-әңгімелерді, әдеби туындыларды салыстыра қарау арқылы ұлттық дүниетанымы мен бірегейлікті танытатын рухани мұраларды зерттеу ұлтжанды болғашақ ұрпақты тәрбиелеудің жолы екені дәлелденген.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді. Қазақстанның рухани жанғыруы аясында киелі жәдігерлер мен діни ескерткіштерді дінтанулық тұрғыда кешенді зерттеу мақсатымен ізденуші өзіне сәтін міндет қойған және осы міндеттерді жүзеге асырып, әр тараудың</p>

	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Бөлімшелерінде ғылыми қорытындылар жасау арқылы берілі отырған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, сегіз бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда сакралдылық идеясы теориялық және теологиялық қырынан талданады. Екінші тарауда қазақ халқының қасиетті рухани құндылықтары қарастырылса, сонғы тарауда Қазақстандағы қоғамдық сананың жанғыруы аясында киелілік құндылығы халықтың рухани және материалдық жәдігерлерінің феномені ретінде дінтанулық тұрғыда зерттеледі. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысында логикалық байланыс толық сақталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>Ізденуші ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеіп, оған дейінгі ғылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Жалпы шығыстық, түркілік дүниетанымға байланысты европоцентристік көзқарастарға толы енбектерді сынаумен ғана шектелмей, оларға отандық ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар береді.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Жұмыстың ғылыми нәтижелер мен қағидағтары жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>Ізденуші бірнеше тұжырымдарды осыған дейінгі зерттеушілердің ойларын жинақтап жасағандықтан жартылай жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертацияда жасалған келесі қорытындылар толық жаңа болып табылады. Ислам жәдігерлерінің сакралды кеністігі мен тарихи мұрасын сипаттау барысында зиярат ету мен қажылықтың заманауи мәні мен мазмұны қазақстандық болмыста айқындалады;</p> <p>Қазақстанның киелі және тарихи-мәдени ескерткіштерін дәріптеу мақсатында «Рухорда» мұражайындағы жәдігерлердің</p>

	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>; 2) жартылай жана (25-75 % жана болып табылады); 3) жана емес (25 % кем жана болып табылады).</p>	<p>діни-философиялық мазмұндары мен мәнінің сараптауы жұмыстың ғылыми жаналығы бола отырып, диссертацияның теориялық тұжырымдарының практикадағы қолданысын дәлелдейді</p> <p>Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан толық жана деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларында еліміздегі радикалды исламдық ағымдардың идеологиясына байланысты дін мен дәстүр сабақтастығы және қоғамның рухани дамуын жетілдіру бойынша жазылған ұсыныстарының қолданбалы маңызы бар</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертация жұмысының әр тарауының аяғында қомақты қорытындылар жасалған және тараушалардың бөлімдерінің соңында да талдаулар негізінде ғылыми тұжырымдар берілген. Барлық қорытындылардың ғылыми дәлелдері жеткілікті негізделген.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жоқ</u>. 7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;</p>	<p>7.1 Негізгі қағидағтар толық дәлелденген. Диссертацияда ізденуші 8 қағидағ айқындалған және олар зерттеудің ғылыми нәтижесімен толық сәйкес келеді.</p> <p>7.2 Әр қағидағ тривиялды емес саналады. Ізденуші қағидағтарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған.</p> <p>7.3 Мейлінше жана. Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қағидағтары бұрын ғылымда айтылмаған мәселелерге арналған. Сондықтан да жұмыс нәтижелері жаналығымен ерекшеленеді.</p> <p>Қазақстанның киелі және тарихи-мәдени ескерткіштерін дәріптеу мақсатында «Рухорда» мұражайын ашып, ондағы жәдігерлердің діни-философиялық мазмұндары мен мәнінің жұмыста ғылыми сараптама жасауын ерекше атап өтуге болады.</p>

	<p>3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>7.4 Колдану деңгейі кең. Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, білім және тәрбие беру саласында (бағабәкша, орта мектеп, жоғары оқу орындары) кеңінен пайдалануға болады. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 13 ғылыми мақалада жарияланды. 1 нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда, үшеуі Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 9 халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дайылау бағыттары үшін нәтижелер</p>	<p>Жұмыста қолданылған әдіснама нақты, дәлелді. Ізденуші зерттеудің теориялық негізін дінтану және дін философиясы, мәдени антропологияда қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздерді қолданған. Тақырыпты ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, герменевтикалық, аксиологиялық және концептілік талдау әдістері де қолданылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны аңғарылады</p> <p>Диссертацияның теориялық қорытындылары, ғылыми тұжырымдары анықталған өзара байланысты және теориялық тұрғыда дәлелденген.</p>


	педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	
	8.4 <u>Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</u>	Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кенінен қолданылған. Жалпы жұмыста айтылған әр мәселе бойынша авторлара сілтеме берілген және де олардың барлығы мазмұндарына сәкес нақтыланған.
	8.5 <u>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Жұмыста 240 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге арналған. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толық негіздеген.
9.	Практикалық құндылық принципі	Диссертацияның теориялық маңызын қазіргі кезеңіндегі жалпы әлемдегі, сондай-ақ, біздің еліміздегі діни өмірдің белсенділігінің артуымен, діндарлар мен діни қауымдар санының көбеюімен, олардың сакралды нысандарды көп салуымен және зияраттық мәдени туризм саласының қанат жаюымен байланыстыруға болады.
	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Қоғамдағы дәстүр мен жанашылдық теке-тіресі мен дүниетанымдық және киелі негіздерді қайта жанғырту құбылысы сакралдылық феноменіне деген әлеуметтік-гуманитарлық деген қызығушылықты отыш отыр
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді діни ұйымдар мен азаматтық қоғамның басқа да субъектілері іс жүзінде өз кәделеріне жарата алады. Дәстүрлі дін мен діни дәстүрді теріске шығаратын діннің атын жамылған деструктивті ағымдарға қарсы ақпараттық-түсіндіру топтарының жұмыстарына қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін дінтану мен дін тарихына қатысты арнайы курстарда, тарих, мәдениеттану ғылым салаларының оқытушыларына қолдануға болады
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Диссертацияда берілген практикалық ұсыныстар жартылай жаңа. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы

	<p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>негізінде киелі және тарихи-мәдени ескерткіштерін дәріптеу барысында «Рухорда» мұражайы іске қосылуы жаңалық болып табылады.</p>
<p>10. Жазу және рәсімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Ғылыми тип өте жоғары деңгейде қолданылған, дәлелді ой-тұжырымдар жұмыстың жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де дәлелдейді.</p>

6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жүзей Мырзахмет Аманқұдұлдың «Сакралды құндылықтар - Қазақстанның рухани және материалдық жәдігерлерінің феномені» тақырыбындағы диссертация жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызды дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Жүзей Мырзахмет Аманқұдұлды 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алғуға әбден лайықты деп санаймын.

Официальный рецензент:

Кұсайыннов Дәуренбек Өмірбекұлы – филол.ғ.д., профессор
 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
 университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық
 пәндер кафедрасының профессоры



[Handwritten signature]
 (қолы)

12.06.2023 ж.